

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№14
(884)

Бейсенбі, 9 сәуір 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Құттықтаймыз!

Шымкент қаласында өткен жеңіл атлетикадан Қазақстан Республикасының Қысқы чемпионатында диск лақтырудан жеңіске жеткен Максим Исаев пен Виктория Федорованы және олардың жаттықтырушысы Винокуров Виктор Григорьевичті, сондай-ақ 3000 метрге жүгіруде күміс медальды жеңіп алған Елизавета Астафьева мен жаттықтырушы ұстазы Грачев Сергей Анатольевичті құттықтаймын.

Жаңа жеңістер мен оқуда табыстар тілеймін!

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Айыртау ауданының мәслихаты депутаттарының аудан тұрғындарына Үндеуі

Құрметті, жерлестер!

Биыл елімізде айрықша жыл: Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл, Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл және Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл.

Еліміздегі осы айтулы күндерді лайықты қарсы алып, өз ауылдарымыздың, үйлеріміздің көркін жақсарту керек.

Біз, Айыртау ауданы мәслихатының депутаттары, ауданымыздың барша тұрғындарына, барлық жекеменшік түрлерінің басшыларына, бюджеттік ұйымдардың қызметшілеріне елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыруға атсалысуға үндеу саламыз.

Тек бірлесе күш салсақ біз нәтижеге қол жеткіземіз.

Тазалық пен тәртіп, табиғатты және қоршаған ортаны қорғау аудан тұрғындарының күнделікті қамы болуы қажет.

Біз үндеуімізге ауданның әр тұрғыны, әр кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның еңбек ұжымы үн қататынына сенеміз. Барлық тұрғындардың күш-жігерінің арқасында біздің туған өлкеміз анағұрлым таза және көркем бола түспек.

Аудандық сотта

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ШАРА

Сәуірдің 2-і күні Арықбалық ауылдық кітапханасының көрермендер залында №2 аудандық соттың ұйымдастыруымен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Болашаққа ұмтылған тарих» тақырыбына арналған дөңгелек үстел болып өтті.



Аталмыш шараға Айыртау ауданының прокуроры А. Ризанов, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы А. Ідірісов, ішкі саясат бөлімінің басшысы Ж. Жүсіпов, Арықбалық ауылдық округінің әкімі Қ. Шараров, Арықбалық ауылдық кітапханасының қызметкерлері, ұлттық мәдени орталықтардың жетекшілері, сот жүйесінің ардагерлері, еңбек ардагерлері, Арықбалық орта мектебінің өкілшілігі мен оқушылары, аудандық соттың мамандары мен бұқаралық ақпарат өкілдері қатысты.

Қатысушылар алдында «Майқы би заманынан бері қарай дала заңдарының мемлекеттік билікті дамытудағы сәйкестігі мен өзара байланысын сараптау» тақырыбына екі тілде баяндама жасаған №2 аудандық соттың төрағасы М. Рамазанов пен судья А. Парманов «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы», 1824 жылғы 8 ақпанда қазақтардың дәстүрлі құқығын бекіткен Омбы ережесі, Абай Құнанбайұлы жазған «Қарамола» ережесі жайлы егжей-тегжейлі айтып өтті. Арықбалық ауылдық кітапханасының меңгерушісі О. Суценко қазақ хандығының құрылуы жайлы қызықты деректер келтірсе, ардагер-ұстаз В. Ахметова Тәуелсіз қазақ елінің мемлекеттілігі туралы әңгіме ербітті. Арықбалық орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Л. Ахмерованың да жасаған баяндамасы өте тартымды болды.

Дөңгелек үстел барысында бейнеолиқтер көрсетіліп, қазақ хандығы жайлы білгісі келгендер өздерінің сұрақтарына тұщымды жауаптар алды.

Тағылымы мол шараға жиналған қауым ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, осындай игі шаралардың әлі де жалғасын табарларына сенім білдірді.

Жанат СӘБИТОВ.
Суретті түсірген автор.

ТАҒАЙЫНДАУ

Аудан әкімінің өкімімен БОЛАТ НЫҒМАШҰЛЫ ЖҮСІПОВ ауданның ветеринария бөлімінің басшысы болып тағайындалды.

Осы тағайындауға дейін ол ауданның ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі басшысының орынбасары болып қызмет етті.

Ұлы Жеңіске – 70 жыл!

Олар жеңісті жақындатты



Сәуірдің 2-і күні аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл» мерекелік медальдарын ауданның бір топ тыл еңбеккерлеріне салтанатты түрде табыстады.

Жиын алдында аудан ардагерлерін құттықтаған аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы Ұлы Жеңісті жақындатуда тылдағы аға буын ұрпақтың ерөн еңбектерінің ұшан-теңіз екендігін жас ұрпақ аға буын өкілдерін құрмет тұту қажеттігін тілге тиек ете келе, залға жиналған тыл еңбеккерлерінің омырауларына Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған мерекелік медальдарды өз қолымен қадады. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров та бір топ ардагерлерге мерейтойлық медальдарын табыс етіп,

Ұлы Жеңісті жақындатуға өзіндік үлестерін қосқан әр қарияға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тіледі. Армия Әбілқайыровты өз сөзінде алдымыздағы Президенттік сайлауға бір кісідей қатысуымыз керектігін айта келіп, осы орайда ардагерлердің үлгі болатындығына зор сенім білдірді.

Марапатталған ардагерлер өздеріне көрсетілген құрметі үшін Елбасына алғыстарын жеткізіп жатты.

Салтанатты рәсімнің соңы мерекелік концертке ұласты.

Өткен аптада сондай-ақ Украин, Қаратап, Қамсақты, Арықбалық, Антоновка, Лобаново, Гусаковка, Константиновка, Казанка ауылдық округтерінің соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне де «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл» мерекелік медальдары табыс етілді.

Жанат СӘБИТОВ.
Суретте: Қамсақты ауылдық округінің
тыл еңбеккерлері.

Салауатты өмір салты

БАЛЫҚ АУЛАП, БАҚ СЫНАСТЫ

Сәуірдің 4-і күні Имантау көлінің жағалауында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында аудан әкімдігі мен «Көкшетау» МҰТП ұйымдастыруымен мұз астындағы балықты аулаудан аудандық жарыс болып өтті.

лаушылар қолға ұстаған жарақтары мен керек жабдықтарына қарағанда, мұнда жүргендердің барлығы да осы кәсіптің шеберлері деп білесің. Шын мәнісінде, тіпті жаңадан келгендердің өзі де тыңғылықты түрде дайындалып келгендіктерін көрсеткен еді.



Осымен үшінші жыл ұйымдастырылған аталмыш спорт түріне әуес әрқайсысы 5 адамнан тұратын «Көкшетау» МҰТП қарамағындағы Арықбалық, Айыртау, Шалқар, Ақмола облысы Зеренді ауданының Зеренді, Орманды Бұлақ филиалдары және ауданның Имантау, Володар, Лобаново, Қамсақты, Гусаковка (2 команда), Украин және Антоновка ауылдық округтерінен (13 команда) 65 балықшы қатысты.

Жарыстың салтанатты ашылуында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалысымен, жарысқа қатысушыларды аудан әкімінің орынбасары Мафруза Науанова, «Көкшетау» МҰТП бас директорының орынбасары Берік Мақановтар аталмыш жарыстың ашылуымен құттықтап, баршасына сәттілік тіледі.

Таңертеңгі сағат 10.00-ден жоны қырлы, желбезекті су жәндіктерін ау-

Жарыс басталысымен көп уақыт өтпей-ақ «Көкшетау» МҰТП Орманды Бұлақ филиалы балықшыларының қармағына алғашқы балық та ілікті. Әрбір ауланған балықты судан шығарған сайын олжаға кенелген балықшылардың жүздерінен қуанышты сәттерді байқайсың!

Сондай-ақ, аталмыш жарысқа өз командасымен бірге қатысқан Қамсақты және Лобаново ауылдық округтерінің өкілдері Жақсылық Беркімбаи мен Еркебұлан Жайықовтарды айта кеткен жөн.

Мұз айдынында жалаулармен арнайы белгіленген қоршауда жағалай жайғасқан балықшылардың балық аулау сәтін арнайы тағайындалған төрешілер байқаумен болды. Үкілерге үңіле қараумен өткізген үш жарыс сағаты да көзді ашып-жұмғанша тез өте шықты. Құзырлы қазылар алқасы алдында

мұз астынан өндірілген «олжалардың» шамаларымен бақ сынасу уақыты да келіп жетті.

Марапаттаудың салтанатты рәсімінде үздіктер аталып өтілді. Командалық есепте «Көкшетау» МҰТП Арықбалық филиалының балықшылары 338 балық ұстап, жарыстың жүлделі ІІІ орынына қол жеткізсе, 353 балық аулап ІІ орынды Имантау ауылдық округінің балықшылар командасы еншіледі. Ал командалық жарыстың жүлделі І орыны 404 балық ұстаған «Көкшетау» МҰТП Шалқар филиалының балықшыларына бұйырды.

Ал жекелеген есепте Арықбалық орман шаруашылығы филиалының балықшысы Андрей Стогнев (116 балық) ІІІ орыннан көрінсе, жүлделі ІІ орынды 121 балық ұстаған Имантау ауылдық округінің балықшысы Рафаэль Абдуллин еншіледі. Ал І орынды Шалқар орман шаруашылығы филиалының (Лобаново ауылдық округі) балықшысы Борис Спиридонов (142 балық) қанжығасына байлады. Жарыстың барлық жеңімпаздары арнайы кубокпен, дипломдармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сондай-ақ, қазылар алқасының шешімімен жарыста ең көп ірі балық ұстаған Арықбалық орман шаруашылығы филиалының командасы мен ең ірі балықты қармағына іліктірген Орманды Бұлақ филиалының (Зеренді ауданы Ақмола облысы) балықшысы Мergen Ысқақовтарға арнайы сыйлықтар да табыс етілді.

Ресми бөлімнен кейін қысқы балық аулауға қатысушылар тура осы жерде асылған хош иісті балық сорпасының дәмін татты. Дастарқан басында жарысқа қатысушылар балық аулау қызығының күтпеген тосын жайларын жан-жақты жамырса айтып ортаға салды, жеңімпаздарды құттықтады.

Мұндай қызықты іс-шараны әуесқой балықшылардың қашанда тағатсыздана күтетіндігін атап өтпектіз.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Ұлы Жеңіске – 70 жыл!



Қазақстан жерінен соғысқа аттанған ата-бабаларымыздың көптеген есімдерін біле қоймаймыз да. Менің атамның да есімі еш кітапқа енгізілмегені мені қатты толғандырады. Менің арғы атам Шоң Рахымов Отаны үшін қан төгіп, бейбіт өмірде де елінің болашағы үшін бар күшін аямай, соңғы демі қалғанша, өз жұмысына адал болған адамдар қатарынан болғанын негізге ала отырып, оны жастарға үлгі, өнеге ретінде қарастырып отырмын.

Қазіргі ақпараттық соғыс заманында Ұлы Отан соғысы батырларының ерлігін жоққа шығарып, тарих беттерін бұрмалау үйреншікті жағдайға айналған. Жыл сайын азайып бара жатқан ардагерлерімізді келеке ететін шетелдік фильмдер біздің өмірімізге еніп, жас ұрпақты мәңгірт етуде. Қазіргі кезде жастарымыздың арасында Отанды қорғауға деген саналы

тірісінде айтқан болатын. 1940 жылы Краснодар әскери зениттік-артиллериялық училищеде оқиды. 22 маусым 1941 жылы соғыс басталғаннан кейін, оларды мерзімінен бұрын, қазан айында училищенен шығарып, лейтенант шенін береді. Осы жайлы өзінің майданнан оралғаннан бастап қазіргі кезге дейін сақтаулы тұрған күнделігінде жазады: «1940 жылы, — деп жазады қаһарман офицер, — Краснодар әскери-атқыштар училищесінде оқидым. Қырық бірдің жазында неміс-фашист басқыншылары Отанымызға опасыздықпен шабуыл жасағанда бізге шұғыл училищені бітірткізді. Лейтенант шенін бергеннен кейін Мәскеуге Бас командованияның қарамағына шақырылды. Бұл Мәскеу үшін айқастың нағыз шегіне жеткен кезі болатын. Қараша айының басында Дзержинский атындағы әскери

ӨМІРІ ОНЫҢ - ӨНЕГЕ



түсті. Қаһарман офицердің ерлігін Отан жоғары бағалады. Ол «Александр Невский», жауынгерлік «Қызыл ту», бір рет бірінші, екі рет екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, 12 медальмен марапатталған екен. Барлығы - 18 награда.


Ұлы Отан соғысынан елге оралған майдангер Шоң Рахымов халық шаруашылығын көтеру ісіне белсене араласып, адал қызмет жасады. Тың игерудің алғашқы үш жылында Қазақстанға 640 мың адам жаңадан қоныс аударды. Осыдан 60 жыл бұрын бұрынғы КСРО-ның түкпір-түкпірінен елімізге жастар ағылып келе бастады. 1954-1955 жылдары 6000 агроном, зоотехник, инженер

шаруашылық институтын бітірісімен ақ, мені туған жеріме – Жаңаауыл совхозына жіберді. Еңбек жолымды совхоздың №1 бөлімшесінде Рахымов Шоң Рахымұлының қарамағында бастадым. Ұстамды, қатал әңгімеге шорқақ ол әрқашан қарамағындағылардың ортасында сыйлы болатын. Ол жұмыс істеген кезде бөлімше мал шаруашылығында болсын, егін шаруашылығында болсын үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Ш. Рахымұлының қасында қызмет еткен жас мамандар болашақта совхоздың, одан әрі ауданның да бас мамандары болды.

1972 жылы Еңбекшілдер ауданындағы «Восточный» совхозында бөлімше басқарушысы болып жүргенінде совхоз өндірісінде үлгілі басшылық жасағаны үшін ол Октябрь Революциясы орденімен наградталды. Қарт коммунист жасы ұлғайса да, сол күнге дейін еңбектен қол үзген жоқ. Жоғарыда айтылған «Госкомсельхозтехника» облыстық бірлестігінде жұмыс істеді. Арғы атамның Отаны алдындағы сіңірген еңбегін үкімет басшылары жоғары бағалайды. Ол «Халықтар достығы» орденімен, көптеген медальдармен және грамоталармен марапатталған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз. Бүгінгінің Отан қорғаушылары, біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жанқиярлық ерлігі – Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге» деп айтқан болатын. Менің атамның ерлігі мен еңбегі маған үлкен өнеге. Соғыстан аман-есен Отанына оралып, аянбай еліне қызмет жасап, 1987 жылы 2 ақпанда қайтыс болады. Атам Болат Шоңұлының әкесі туралы айтқан сөздерінен, танымал журналист Тайлақ Жалмұрзеновтың шығармаларынан және ұлы атамның ізін жалғастырушы Мәди Айтжановтың естеліктерінен біз қозғап отырған тұлға Рахымов Шоңның жауынгерлік өмір жолымен қатар, оның бейбіт кезеңдегі Отанына деген сүйіспеншілігі, еңбекқорлығы және іскерлігін байқаймыз. Ұлы Отан соғысынан елге оралған майдангер Шоң Рахымов халық шаруашылығын көтеру ісіне белсене араласып, адал қызмет жасады. Қазіргі кезде арғы атамның ізін жалғастырушы 6 баласы, 18 немересі, 17 шөбересі бар.

Әнел РАХЫМОВА,
шөбересі, Петропавл қаласындағы
Әбу Досмұхамбетов атындағы
дарынды балаларға арналған
қазақ мектебінің
11 сынып оқушысы.



Сол жағында - дивизион командирінің орынбасары, кейінірек 100-ші атқыштар бригадасының командирі – С. Қасымов. Ал оң жағында менің арғы атам- Шоң Рахымов. 1942 жыл.

көзқарастың болмауы салдарынан әскер қатарында қилы келеңсіздіктер жиі кездесіп қалады. Сондықтан да балабақшадан бастап, мектепте, жоғары оқу орындарында және өзге де мекемелерде патриоттық тәрбие беруді қолға алудың қажеттігі айқын байқалады. Тәрбиенің бұл түрі жас ұрпақты елін қорғауға, ұлттық әскер сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық қасиеттерге баулиды.

Ерлік – мәңгі жасайды. Ал ерлікті айта жүру елге-мақтан, ерге-абырой. Адам қандай да бір азаматты бағалаған кезде, ең алдымен оның қоғам алдындағы атқарған қызметін, елге сіңірген еңбегін ең басты өлшем ретінде қарастырады деп ойлаймын. Мен арғы атам Рахымов Шоңның Отан алдындағы борышын өтеудегі ерлігі туралы құнды материалдар қорын жинақтап, саралап ұрпағына ұсыну, болашақта атам жайлы кітап шығаруды жоспарлаймын. Енді осы қайталанбас тұлғаның өмірі мен ерлігіне тоқталсам...

Арғы атам, Рахымов Шоң 1916 жылдың 25 желтоқсанында Көкшетау облысы, Чкалов ауданы, Амандык селосында көпбалалы, қарапайым отбасында дүниеге келген. Шоң жастайынан ержүрек, батыл, ақылды, зерек болып өседі, әсіресе математика пәніне құштар болады. Отбасында 3 ұл және 3 қыз болады. Әкесі – Жантілеуов Рахым, Ораз руынан шыққан қарапайым қазақ болатын. Еңбек жолын Красноармеец ауданының Ново-Сухатин орта мектебінде (қазіргі Тайынша ауданы) физика-математика пәнінің мұғалімі қызметінен бастайды. 1939 жылы Рахымов Шоң Қызыл әскер қатарында ақ финдермен соғысқа қатысады. Арғы атам осы сурапыл соғысқа қатысқандығы жайлы көзі

академияның жертөлесінде тағы да бір айлық оқуға кірістік. Бұл жолы оқу ерекше болды. Себебі біз мұнда алғаш «Катюша» минометімен ату тәсілін оқыған едік. Ал қырық бірдің желтоқсан айында Бас қолбасшының бұйрығымен Кенжеғалиев, Құттығұлов, Серікбаев секілді жас офицерлермен бірге мені Алматыға көмектесуге жіберді. 1942 жылдың шілдесінде айында әскери дайындықтан өткен 100-бригаданы майданға аттандырды. Бізбен бірге шығыстың болашақ батыр қызы Мәншүк Мәметова өз еркімен майданға аттанған еді. Алғашында Мәншүк штабта қызмет істеді де, кейін пулеметші оқуын оқиды. Мәншүкпен мен Ржев, Великие Луки, Невель қалалары үшін болған шайқастарда бірге болдым.

Қаһарман офицер мына бір шайқасты даралап жазыпты. 1943 жылдың 15 қазанында Калинин облысының Изочин станса-сын босатып алу жөнінен шұғыл бұйрық беріледі. Бұл екі жаққа да стратегиялық маңызы орасан зор пункт болатын. Қаһарман совет жауынгерлері немістерге шабуылды таңғы сағат бестен бастады. Екі жақ та оқты қарша боратып жатыр. Талай өрім жастар қыршынынан қиылды, қан судай ақты. Изочин станциясы біресе жау қолына, біресе біздің қолға көшті. Өмір мен өлім арпалысқан сын сағатта Мәншүк Мәметованың пулеметі жауды баудай түсіріп қиратты. Батыр қыздың көмекшілері патрон әперуге әзер үлгеріп отырды. Жүздеген жау жер жастанды. Біздің жаяу әскерлеріміз немістердің алғы шептерін бұзып өтіп ілгері қарай жылжи берді. Совет жауынгерлерінің мұндай жанқиярлығы фашистердің ашу-

ызасын туғызды. Олар енді көмекке авиация күштерін шақырды. Ондаған ұшақтар аспанда күндей күркіреп, ажал оғын дамылсыз себеді. Олар бірінен соң бірі Мәншүктің пулемет рашеты тұрған жерге шүйлікті. Мәншүк зеңбірек атылған кездерде талай рет топыраққа көміліп қалды. Ондайда қасындағы Ибраһим деген жолдасы: «Мәншүк!», «Мәншүк!» деп оны жоғалтып жүргені. Бір кезде Мәншүк жараланды. «Мәншүк қалмақ, жараландың, медсанбатқа баруың керек» дегенге қарамастан, ол пулеметін тастамады. Кенет

төпелеген жау артиллериясы оғынан Мәншүктің пулеметі үнсіз қалды. Бұл жаужүрек қазақ қызын мақтан тұтушы бүкіл бригада үшін аса ауыр қаза болды. Шоң Рахымұлы естелігінде көне орыс қаласы Невельдің орталық алаңындағы бауырластар зиратына қарулас қос серігі Совет Одағының батыры Мәншүк Мәметова мен дивизия командирінің орынбасары подполковник Әбілқайыр Баймолдиннің қатар жерленгенін ет жүрегі елжіреп жазады. Рахымов осы ұрыста дивизион командирінің орынбасары, Невель қаласы үшін болған қан бұланған соғысқа 100-атқыштар бригадасының автоматшылар батальонының командирі болып қатысқан қанды көйлек досы, лейтенант С. Қасымовтың да ерлікпен қаза тапқанын айта кетеді.

Әсіресе, — деп жазады Шоң Рахымұлы одан әрі күнделігінде, — 1944 жылғы Вильнюс қаласы үшін шайқас шиеленісті өтті. Мұнда немістер ең мықты деген дивизияларын шоғырландырып болатын. Жау қанша күшті болғанымен, үшінші Беларусь майданының от жүректі жауынгерлерінің тегеуірінді қимылы қайдан шыдатсын. Бір күнде жаудың 12 шабуылына тойтарыс берілді.

Вильнюс қаласы үшін болған шайқаста асқан ерлік көрсеткен Шоң Рахымов екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды. Бұл оның жетінші наградасы еді. Солардың ішінде даралап айтарымыз қаһарман офицердің «Александр Невский» ордені. Шоң Рахымұлы аталмыш орденге 1945 жылы Манжурияда жапондармен болған шайқаста ие болған еді. Ол мұнда Бас командование резервиндегі 555-пулеметшілер полкының дивизион командирі болатын. Оның дивизионы жау әскерлерін қоршауға алып, құртып жіберуде айрықша қимылымен көзге

мен механик және басқа да мамандар Қазақстанның ұжымшарлары мен кеңшарларына жұмысқа жіберілді. Тыңның алғашқы жылдары, бұрынғы Ленин ауданына қарасты «Жаңаауыл» совхозының алғашқы қазығын қағып, оның экономикасын, мәдениетін көтеру жолында көп еңбектенді. Келген адамдарды жайғастырып, жұмысты ұйымдастыру керек еді. Қайта құрылған Көкшетау облысы, Қызылту ауданы, Жаңаауыл совхозының бірінші директоры болып 1957 жылдан 1964 жылға дейін Рахымов Шоң тағайындалды. Осы уақыттан кейін бар өмірін ауыл шаруашылық қызметіне арнайды. Рахымов Шоң 1970 жылы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысты. Мәскеу қаласында өткен бұл көрмеге мал шаруашылығы мен егін шаруашылығында үлкен жетістіктерге жеткен озаттар ғана жіберілген болатын. Олардың қатарында, 1970 жылдың қорытындысы бойынша Көкшетау облысынан ауыл шаруашылығында жеткен жоғары көрсеткіштері үшін сертификат иегері атама да жіберілді.

Арғы атам совхоз басшылығында жұмыс атқарған кезде, оның қарамағында көптеген жас мамандар болды. Солардың бірі – Айтжанов Мәдидің естеліктерінен:

— Целиноград қаласының ауыл

Байқау

«ЖЕҢІС ҮШІН АТАМЫЗҒА МЫҢ АЛҒЫС!»



Байқау жұмыстарын мына мекен-жайға 150100, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Конституция көшесі, 72 үй немесе газеттердің электронды пошталарына жіберуге болады.

АТАНДЫ «ӨШПЕС ПОЛКҚА» ЖАЗ!



Міндеті: әр жанұяда Ұлы Отан соғысының сарбазын есте сақтау. Ұлы Жеңіс күніне біз өзіміздің «Өшпес полкымызды» құрамыз.

Өз майдангері жайлы естелік қымбат көңшілік қауым, өз сарбазының портреті бар транспарант жасаңыздар, біз Сіздерді 9 мамыр күні «Өшпес полк» сапында күтеміз.

Олар жеңіс сапымен өтулері тиіс!

Толық ақпарат www.moypolk.ru сайтында, ол ұрпағы өз сарбазы жайлы естеліктерін жариялай алатын еске алу кітабы болып табылады.

87773246736 – Петропавлдағы жобаның үйлестірушісі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 12 наурыздағы № 70 қаулысы

«Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 124-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:
1. Қоса берілген «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. «Айыртау аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Айыртау ауданы әкімдігінің

2014 жылғы 29 қазандағы № 508 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2994 тіркелген, 2014 жылғы 18 желтоқсанда «Айыртау таңы», «Айыртауские зори» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
аудан әкімі.

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 1 сәуірде №3188 тіркелген

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің

2015 жылғы 12 наурыздағы № 70 қаулысымен бекітілген

«Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесі

Жалпы ережелер

1. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі Айыртау аудандық мәслихатының қызметін және аудандық мәслихат депутаттарының жұмысын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.
3. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан РеспубликасыныңКонституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртанбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазнашылық органдарында шоттары бар.
5. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәклетті берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Айыртау аудандық мәслихаты хатшысының өкімдерімен рәсімделген шешімдер қабылдайды.
8. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, 44.
10. Мемлекеттік органның мемлекеттік тілдегі толық атауы: «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі.
Мемлекеттік органның орыс тіліндегі толық атауы: государственное учреждение «Аппарат мслихата Айыртауского района».
11. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы, сондай-ақ тиісті саланың уәкілетті органы «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі» болып табылады.
12. Осы Ереже «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.
13. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.
14. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне кәсіпорлік субъектілерімен «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.
15. Жұмыс тәртібі: «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне бес күндік жұмыс аптасы орнатылады, жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспайды, күніне- 8 сағат (9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліс 13.00- ден 14.00-ге дейін).
2. Мемлекеттік органның миссиясы, қызметінің нысанасы, мақсаты, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері
16. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің миссиясы:
Айыртау аудандық мәслихатының, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ету.
17. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметінің нысанасы:
Мәслихат аппараты мәслихат пен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады, депутаттарға өздерінің өкілеттігін жүзеге асыруға көмек көрсетеді.
18. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметінің мақсаты:
«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы заңында белгіленген құзыреті шегінде Айыртау ауданы аумағында оны дамыту бойынша мемлекеттік саясатты жүргізу.
19. Негізгі міндеттері:
1) аудандық мәслихат қызметін ұйымдастырушылық, құжаттамалық, құқықтық, ақпараттық-талдау жағынан қамтамасыз ету;
2) аудандық мәслихатпен қабылданған шешімдердің қолданыстағы заңнамаға сәйкес болуын қамтамасыз ету;
3) аудандық мәслихат депутаттары қызметін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету;
4) тұрғындарды аудандық мәслихат қызметі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;
5) мәслихат және оның органдарының бақылау функциялары жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
6) мәслихаттың ақпараттық жүйелерін жетілдіру;
7) мәслихат аппараты қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлаудан өтуін қамтамасыз ету.
20. Функциялары:
1) аудандық мәслихат депутаттарына ұйымдастырушылық, құжаттамалық, құқықтық, ақпараттық-талдау бойынша қызмет көрсету;
2) аудандық мәслихаттың қарауына енгізілген нормативтік-құқықтық актілер жобалары мен өзге де шешімдері жобаларының орындалуын бақылау, аудандық мәслихат қабылдаған нормативтік құқықтық актілер мониторингін жүргізу;
3) мәслихат қызметін қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындарды тағайындау, іс-сапарлық шығындарды өтеу, депутаттарды қажетті кеңсе құралдарымен және депутаттық қызметті атқару үшін қажетті өзге де тауарлармен қамтамасыз ету;
4) бұқаралық ақпарат құралдарында мәслихат қызметі туралы басылымдардың, қалалық мәслихат қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің жариялануын ұйымдастыру;
5) атқарушы органдар басшыларының ақпараттарын, есептерін жинақтау және талдау, аудандық мәслихат депутаттарының алдында өз қызметі бойынша есеп беретін мемлекеттік органдардың қызмет қортындысы бойынша анықтамалар дайындау.
21. Құқықтары мен міндеттері:
1) Айыртау аудандық мәслихатының Регламентін өз құзыреті шеңберінде орындалуын қамтамасыз ету;
2) белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік органдар мен лауазым иелерінен, өзге де ұйымдар мен азаматтардан ақпарат, анықтамалар, есептер, шешімдер жобаларын, нормативтік құқықтық актілері жобаларының бұқаралық ақпарат құралдарында басылуы туралы мәліметтер, ғылыми сараптамалар мен сараптамалық кеңестердің қорытындыларын, аудандық мәслихаттың қарауына енгізілген шешімдер жобалары бойынша қажетті келісулерді, сессиялардың күн тәртібі мен тұрақты (уақытша) комиссиялардың отырыстарында қаралатын мәселелер бойынша өзге де құжаттамаларды сұрау;
3) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметкерлерін аудандық мәслихаттың құзыретіне жататын мәселелерді талқылауға қатыстыру, тиісті шешімдерді даярлау үшін уақытша жұмыс топтарын құру;
4) депутаттар сауалдарын және депутаттық ұсыныстарды дер

кезінде қаралуын және іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар мен мекемелерге депутаттық саулдар жолдау;
5) аудандық мәслихатқа жолданған азаматтардың өтініштері орындалу мерзіміне және нәтижелеріне бақылау жүргізу;
6) аудандық мәслихат құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен лауазым иелеріне кеңестік-әдістемелік, ақпараттық, ұйымдастырушылық-техникалық және өзге де көмек көрсету.
3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру
22. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне басшылықты аудандық мәслихаттың хатшысы жүзеге асырады, ол «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы.
23. Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттар жалпы санының көпшілік даусымен сайланады және қызметінен босатылады.
24. Мәслихат хатшысының орынбасарлары болмайды.
25. Айыртау аудандық мәслихатының хатшысының өкілеттіктері:
1) мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуді ұйымдастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді және сессия төрағасымен бірге мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;
2) мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдардың жұмысына және сайлау округтеріндегі жұмысқа қатысу үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;
3) депутаттар сауалдарының және депутаттық өтініштердің қаралуын бақылайды;
4) мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
5) сайлаушылардың өтініштері туралы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы мәслихатқа ұдайы ақпарат беріп отырады;
6) мәслихаттың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;
7) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселеге бастамашылық еткен мәслихат депутаттарының жиналған қолдарының төлқұсқалығын тексеруді ұйымдастырады
8) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;
9) мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының және депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді;
10) мемлекеттік органдармен ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда мәслихат атынан өкілеттік етеді;
11) мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды белгілейді;
12) бекітілген заң тәртібімен өз құзыреті шеңберінде аппарат қызметкерлерін мадақтайды және тәртіптік жаза қолданады;
13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес және Айыртау аудандық мәслихатының шешімі бойынша өзге де функцияларды атқарады.
Мәслихаттың хатшысы болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихат сессиясы төрағасының шешімі бойынша мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы немесе мәслихат депутаты уақытша жүзеге асырады.
26. Айыртау ауданы мәслихатының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке сайланатын және қызметтен босатылатын Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы басқарады.
27. Мемлекеттік органның мүлкі
28. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.
29. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлкіті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлкіті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.
5. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің және оның құрылтайшысының, сондай-ақ тиісті саланың уәкілетті органы және еңбек ұжымымен арасындағы қарым-қатынастары
30. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің және оның құрылтайшысының, сондай-ақ тиісті саланың уәкілетті органы «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі» арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
31. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық келісім шартқа сәйкес анықталады.
32. Ережеге өзгертулер мен толықтырулар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.
6. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату
33. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асады.
34. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, сондай-ақ құрылтай құжаттарында осыған уәкілеттік берілген органның шешімі бойынша кез келген негіз бойынша таратылуы мүмкін.
35. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі соттың шешімі бойынша:

1) банкрот болған;
2) заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған;
3) орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайы бойынша заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар (қатысушылар) және лауазымды адамдар болмаған;
4) қызметін заңнаманы өрескел бұза отырып жүзеге асырған;
занды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асырған;
қызметін тиісті лицензиясыз не заңнамалық актілерде тыйым салынған қызметті жүзеге асырған;
5) басқа да заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда таратылуы мүмкін.
36. «Айыртау ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесін тарату кезінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншігінде қалады.

Айыртаулық Кеңес Одағының Батырлары

Александр СКНАРЕВ



1912 жылы Айыртау ауданының Саумалкөл ауылында туған. Ейск әскери-теңіз авиациясы училищесін бітірген. 1942 жылдан бастап Солтүстік флотында шайқасты. Ол жапалақтап жауған қарға қарамастан жаудың корабльдерін қатесіз тауып отырды. Гвардия майоры қысқа мерзімнің ішінде жаудың алты кемесін суға батырды. Әуедегі шайқастар кезінде 2 ұшақты құлатты. 1944 жылдың 16 қазанында 24 әскери кеме қаумалаған 3 ірі көліктің келе жатқанын барлаушылар хабарлады. Біздің 14 истребитель әуеге көтерілді. Сол жолы А.И. Скнуравтің ұшағына оқ тиді. Ол торпедотасушының снарядымен жайратып, өзі де ... күлге айналды.

КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының 1944 жылғы 5 қарашадағы Жарлығымен оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

«Ленин», екі рет «Қызыл Ту», «І-ші дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен марапатталған Саумалкөлде оның атында көше бар.


Михаил ЧЕПРАСОВ

1924 жылы Айыртау ауданының Шалқар ауылында туған. Ұжымшарда тракторшы болып істеген. Балалық шағында әкесімен бірге Алматы облысының Сарқанд ауылына көшіп барады.

1942 жылдан Қызыл Армия қатарына алынған. Гвардия қатарындағы жауынгер Чепрасов Орталық майданның 13-Әскерінде 75-гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамында 1943 жылдың 6 шілдесінде Курск облысы Поныров ауданы Поныр теміржол стансасы маңында болған шайқаста жаудың 4 танкісін және ондаған солдаттар мен офицерлерінің көзін жойды. Осы ұрыста ол қаза тапты.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1943 жылғы 7 тамыздағы Жарлығымен Михаил Максимович Чепрасовқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Поныров ауданындағы Ольховатка селосында жерлңген Алматы облысындағы Сарқант қаласында бір көше мен мектепке және ауданымыздағы Саумалкөл ауылының бір көшесіне батырдың есімі берілген.

Михаил ЯНКО



1922 жылы Айыртау ауданындағы Всеволодовка ауылында туған. Тынық мұхит флоты Әскери-әуе күштері 12-ші шабылдаушы авиациялық дивизия 37-ші авиаполкінің авиация зеносының командирі, кіші лейтенант М.Е. Янко үш рет әуеге көтерілді. 1945 жылдың жазы мен күзінде Қиыр Шығыста ұрыстар жүріп жатты. Жапон-дер бірнеше рет қарсы шабуылдарға шықты. Олардың жанкештілері Қызыл Армияның офицерлері мен генералдарын аңдыды. Ал әуеде кіші сержант Михаил Янко Солтүстік Кореяның Расин айлағының үстінде көзге түсті. 10 тамызда жаудың көлігін байқап қалған ұшқыш дереу шабуылға шықты. Оның бомбасы нысанға дөп тиді. Жаудың кемесі суға батты. Бірақ, ұшағына оқ тиіп, бірден жана бастады. Ұшқыш та, атқыш та парашютімен секіріп, аман қалуға болатын еді. Бірақ олар пайдаланылмаған бомбаны естен шығармады. Сөйтіп, лапылдап жанып келе жатқан ұшағын әскери айлаққа бағыттады. Жаудың маңызды нысаны аспанға бірақ ұшты. Ержүрек экипаж Отан тапсырмасын орындады. КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының 1945 жылғы 14 қыркүйктегі Жарлығымен оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Аудан орталығы Саумалкөл ауылында бір көшенің аты және №1 Саумалкөл орта мектебі батыр есімімен аталады.

(«Солтүстікқазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында» кітабы бойынша дайындалды).

Білім жүйесі

Жетістіктерді сырттай бағалау

Бүгін білім жүйесінде дәстүрге айналған оқушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында жыл сайын жүргізілетін жұмыстың түрі –ОЖСБ. Ол «Білім туралы» ҚР Заңы, 55-бап, 4 т. негізінде жүзеге асырылып, - білім беру ұйымына тәуелсіз, оқыту сапасына жүргізілетін мониторинг түрлерінің бірі болып есептелінеді. Ол 2012 жылдан бастап еліміз бойынша барлық аймақта жүргізіліп келеді. Оған 9-сынып оқушалыры қатыстырылады және олар сынақ жүйесін өздері білім алып жатқан мектептерінде тапсыратын болады. ОЖСБ-ның негізгі мақсаты - оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау, білім алушылардың негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау. Оқушылар ОЖСБ-ны төрт пән бойынша тапсыратын болады және оның ішінде қазақ тілі тапсыруға міндетті пән болып есептелінеді. Әр пән бойынша 20 тапсырмадан жалпы 80 тапсырма. Тест тапсыруға 120 минут уақыт беріледі. Тест тапсырмаларының мазмұны оқу бағдарламаларына сәйкес қаурастырылған. Аудан оқушыларына ОЖСБ- ға дайындық үшін түсіндіру жұмыстарымен қатар арнайы бланкте байқау тесті өткізіліп, нұсқаулықтармен таныстырылды. Ауданымыздың оқушылары 2012 жылы қазақ тілі, Қазақстан тарихы, алгебра, химия, 2013 жылы қазақ тілі, алгебра, физика, шет тілі, 2014 жылы қазақ тілі, дүниежүзі тарихы, гео-графия, химия пәндері бойынша білім деңгейлерін анықтаған болатын. Ата –аналармен оқушылардың назарына ОЖСБ нәтижесінен соң апелляция қарастырылмаған. Оқушылардың білім деңгейі балдық жүйе бойынша, яғни әр дұрыс жауап үшін 1 бал алатын болады. Оқушылар келесі оқу жылына, яғни 10 –сыныпқа ОЖСБ нәтижесі бойынша қабылданайды немесе қабылданбайды деген қағида жоқ және жылдық алған білімдері ОЖСБ нәтижесі негізінде бағаланбауы тиіс.

Жалпы оқушыларға айтарым, алған білімдеріңді жоғары деңгейде көрсете білңдер, сәттілік тілеймін.

Ержан АЛҒОЖИН,
Айыртау ауданы бойынша Ұлттық тестілеу орталығының № 87 филиалының жетекшісі.

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің тізімін анықтау жөніндегі Айыртау ауданының ведомствоаралық комиссиясының құрамы

Махметов Аманбек Ғазизұлы	аудан әкімінің орынбасары, БАК төрағасы;	Дауылбаев Ардақ Айтмағанбетұлы	Қаратал ауылдық округінің әкімі;
Мағымов Алтынбек Мырзабекұлы	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы, БАК хатшысы.	Жайықов Еркебұлан Сапарғалиұлы	Лобаново ауылдық округінің әкімі;
	БАК мүшелері:	Жүсіпов Мұратбек Ақжігітұлы	Нижнеборлық ауылдық округінің әкімі;
Жанапин Едірес Жезітұлы	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы;	Қасенов Серік Оралбекұлы	Елецкий ауылдық округінің әкімі;
Қалымов Данияр Мұхтарұлы	Айыртау ауданының кәсіпкерлер палатасы филиалының директоры (келісім бойынша);	Мұқашев Жеңіс Ботабайұлы	Украин ауылдық округінің әкімі;
Сейтмағамбет Қайырбай Мәжитұлы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық инспекциясының басшысы (келісім бойынша);	Оспанов Самат Нұрланұлы	Константиновка ауылдық округінің әкімі;
Төребеков Нұрлан Мейрамұлы	ауданның жер қатынастары бөлімінің басшысы.	Раев Тортай Жақысылықұлы	Антоновка ауылдық округінің әкімі;
	Ауылдық округ әкімдері:	Сәдуақасов Ерлан Серікұлы	Володар ауылдық округінің әкімі;
Беркімбай Жақсылық Әбдірұлы	Қамсақты ауылдық округінің әкімі;	Сердюк Любовь Владимировна	Имантау ауылдық округінің әкімі;
Городецкий Алексей Владимирович	Казанка ауылдық округінің әкімі;	Сүлейменов Дулат Қабдрашитұлы	Сырымбет ауылдық округінің әкімі;
		Таласов Есімжан Есмағзамұлы	Гусаковка ауылдық округінің әкімі;
		Шарапов Қалымтай Қаратайұлы	Арықбалық ауылдық округінің әкімі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 6 шешімімен БАК –тың дербес құрамы бекітілді, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі №14 шешімімен өзгерістер енгізілді.

Ведомствоаралық комиссиясының жұмыс тәртібі (БАК)

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен субсидия алуға құжаттарды және өтінімдерді қабылдауды БАК жұмыс органы жүргізеді (ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі) күнде, жұмыс күндері сағат 9-00- дан 18-00 дейін, мекен-жайы: Саумалкөл селосы, Д. Сыздықов көшесі, 4 үй.

Толық ақпаратты ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінен 22-690 телефоны бойынша алуға болады.

«СҚО Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі №10 бұйрығы			
2015 жылға Айыртау ауданында субсидияланған басым ауыл шаруашылық дақылдардың әрбір түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдерін және субсидия алушылар тізіміне қосу үшін өтінім беру мерзімдерін белгілеу туралы			
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қарындарын бекіту туралы» № 575 қаулысымен бекітілген. Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидия-	лау Ережесінің 12 - тармағы негізінде, және 2015 жылғы 25 ақпандағы «Солтүстік Қазақстан мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС №01-14/60, 2015 жылғы 25 ақпандағы «Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы» ЖШС №71 ұсынысы негізінде БҰЙЫРАМЫН:		
	1. Осы бұйрыққа қосымшасына сәйкес, 2015 жылға Айыртау ауданында субсидия алушылар тізіміне қосу үшін өтінім беру мерзімдері және субсидияланған басым ауыл шаруашылық дақылдардың әрбір түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері белгіленсін.		
	2. Осы бұйрықтың орындалуын өзiмнiң бақылауымда қалдырамын.		
Е.ЖАНАПИН, бөлім басшысы.			

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі №10 бұйрығына қосымша

2015 жылға Айыртау ауданында субсидияланған басым ауыл шаруашылық дақылдардың әрбір түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдерін және субсидия алушылар тізіміне қосу үшін өтінім беру мерзімдері			
Жер өндеу аймағы	Дақылдар	Өтінімдер ұсыну мерзімі	Себудің оңтайлы мерзімдері
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша	Жаздық бидай (орташа, орташа кеш пісетін, ерте пісетін және қатты сорттар)	2015 жылдың 14 мамырына дейін	2015 жылдың 14 мамырынан 2015 жылдың 03 маусымы аралығы
	Арпа, сұлы	2015 жылдың 25 мамырына дейін	2015 жылдың 25 мамырынан 2015 жылдың 05 маусымы аралығы
	Қарақұмық	2015 жылдың 20 мамырына дейін	2015 жылдың 20 мамырынан 2015 жылдың 27 мамыры аралығы
	Тары	2015 жылдың 25 мамырына дейін	2015 жылдың 25 мамырынан 2015 жылдың 30 мамыры аралығы
	Нұт	2015 жылдың 12 мамырына дейін	2015 жылдың 12 мамырынан 2015 жылдың 18 мамыры аралығы
	Асбұршақ	2015 жылдың 20 мамырына дейін	2015 жылдың 20 мамырынан 2015 жылдың 27 мамыры аралығы
	Қытай бұршағы	2015 жылдың 22 мамырына дейін	2015 жылдың 22 мамырынан 2015 жылдың 28 мамыры аралығы
	Жасымық	2015 жылдың 22 мамырына дейін	2015 жылдың 22 мамырынан 2015 жылдың 28 мамыры аралығы
	Рапс (бастамшы-пар, бір жылдық шөптер, дөңді)	2015 жылдың 12 мамырына дейін	2015 жылдың 12 мамырынан 2015 жылдың 28 мамыры аралығы
	Лен, қыша	2015 жылдың 15 мамырына дейін	2015 жылдың 15 мамырынан 2015 жылдың 22 мамыры аралығы
	Күнбағыс май тұқымына	2015 жылдың 15 мамырына дейін	2015 жылдың 15 мамырынан 2015 жылдың 20 мамыры аралығы
	Арыш	2015 жылдың 20 мамырына дейін	2015 жылдың 20 мамырынан 2015 жылдың 25 мамыры аралығы
	Картоп	2015 жылдың 15 мамырына дейін	2015 жылдың 15 мамырынан 2015 жылдың 30 мамыры аралығы
	Жүгері сүрлемі	2015 жылдың 16 мамырына дейін	2015 жылдың 16 мамырынан 2015 жылдың 20 мамыры аралығы
	Картоп	2015 жылдың 15 мамырына дейін	2015 жылдың 15 мамырынан 2015 жылдың 31 мамыры аралығы
	Қызынақ (көшеті)	2015 жылдың 28 мамырына дейін	2015 жылдың 28 мамырынан 2015 жылдың 12 маусымы аралығы
	Қырыққабат (көшеті)	2015 жылдың 25 мамырына дейін	2015 жылдың 25 мамырынан 2015 жылдың 15 маусымы аралығы
	Сәбіз (көшеті)	2015 жылдың 10 мамырына дейін	2015 жылдың 10 мамырынан 2015 жылдың 20 мамыры аралығы
	Қызылша	2015 жылдың 25 мамырына дейін	2015 жылдың 25 мамырынан 2015 жылдың 05 маусымы аралығы
	Қияр	2015 жылдың 16 мамырына дейін	2015 жылдың 16 мамырынан 2015 жылдың 05 маусымы аралығы
	Пияз (тұқым)	2015 жылдың 10 мамырына дейін	2015 жылдың 10 мамырынан 2015 жылдың 20 мамыры аралығы
	Күздік бидай	2015 жылдың 25 тамызына дейін	2015 жылдың 25 тамызына 2015 жылдың 08 қыркүйек аралығы
	Күздік қарабидай	2015 жылдың 26 тамызына дейін	2015 жылдың 26 тамызына 2015 жылдың 10 қыркүйек аралығы
	Жүгері сүрлемі	2015 жылдың 16 мамырына дейін	2015 жылдың 16 мамырынан 2015 жылдың 20 мамыры аралығы
	Күнбағыс сүрлемі	2015 жылдың 18 мамырына дейін	2015 жылдың 18 мамырынан 2015 жылдың 24 мамыры аралығы
	Бір жылдық өсімдіктері көк жемшөптікке: (сұлы+бұршақ; бұршақ+ сұлы+арпа), шөпке: (судан шөбі;тары; итқонақ; сұлы+ сиыржоңышқа), пішендемеге: (сұлы+арпа+ бұршақ+бидай; сұлы+ бұршақ; тары+бұршақ)	2015 жылдың 05 маусымына дейін	2015 жылдың 05 маусымынан 2015 жылдың 10 маусымы аралығы
	Көк конвеер (бір жылдық өсімдіктері):		
	I мерзім (бұршақ+ сұлы)	2015 жылдың 08 мамырына дейін	2015 жылдың 08 мамырынан 2015 жылдың 10 мамыры аралығы
	II мерзім (сұлы+арпа+ бұршақ; судан шөбі+ бұршақ; тары+бұршақ)	2015 жылдың 23 мамырына дейін	2015 жылдың 23 мамырынан 2015 жылдың 25 мамыры аралығы
	III мерзім (бұршақ+ сұлы+арпа; судан шөбі+ бұршақ; сұлы+ бұршақ)	2015 жылдың 08 маусымына дейін	2015 жылдың 08 маусымынан 2015 жылдың 10 маусымы аралығы
	IV мерзім (рапс, сұлы)	2015 жылдың 08 шілдесіне дейін	2015 жылдың 08 шілдесінен 2015 жылдың 10 шілдесі аралығы
	Көп жылдық шөптер (жоңышқа, түйе жоңышқа, эспарцет, ешкібұршақ, арпабас, еркекшөп) I мерзім	2015 жылдың 05 мамырына дейін	2015 жылдың 05 мамырынан 2015 жылдың 15 мамыры аралығы
	Көп жылдық шөптер (жоңышқа, түйе жоңышқа, эспарцет, ешкібұршақ, арпабас, еркекшөп) II мерзім	2015 жылдың 05 шілдесіне дейін	2015 жылдың 05 шілдесінен 2015 жылдың 20 шілдесі аралығы
	Қыстық қарабидай (көк жемшөпке)	2015 жылдың 10 тамызына дейін	2015 жылдың 10 тамызынан 2015 жылдың 15 тамызы аралығы
	Жүгері сүрлемі	2015 жылдың 16 мамырына дейін	2015 жылдың 16 мамырынан 2015 жылдың 20 мамыры аралығы
	Күнбағыс сүрлемі	2015 жылдың 18 мамырына дейін	2015 жылдың 18 мамырынан 2015 жылдың 24 мамыры аралығы
	Бір жылдық өсімдіктері көк жемшөптікке: (сұлы+бұршақ; бұршақ+ сұлы+арпа), шөпке: (судан шөбі;тары; итқонақ; сұлы+ сиыржоңышқа), пішендемеге: (сұлы+арпа+ бұршақ+бидай; сұлы+ бұршақ; тары+бұршақ)	2015 жылдың 05 маусымына дейін	2015 жылдың 05 маусымынан 2015 жылдың 10 маусымы аралығы
	Көк конвеер (бір жылдық өсімдіктері):		
	I мерзім (бұршақ+ сұлы)	2015 жылдың 08 мамырына дейін	2015 жылдың 08 мамырынан 2015 жылдың 10 мамыры аралығы
	II мерзім (сұлы+арпа+ бұршақ; судан шөбі+ бұршақ; тары+бұршақ)	2015 жылдың 23 мамырына дейін	2015 жылдың 23 мамырынан 2015 жылдың 25 мамыры аралығы
	III мерзім (бұршақ+ сұлы+арпа; судан шөбі+ бұршақ; сұлы+ бұршақ)	2015 жылдың 08 маусымына дейін	2015 жылдың 08 маусымынан 2015 жылдың 10 маусымы аралығы
	IV мерзім (рапс, сұлы)	2015 жылдың 08 шілдесіне дейін	2015 жылдың 08 шілдесінен 2015 жылдың 10 шілдесі аралығы
	Көп жылдық шөптер (жоңышқа, түйе жоңышқа, эспарцет, ешкібұршақ, арпабас, еркекшөп) I мерзім	2015 жылдың 03 мамырына дейін	2015 жылдың 03 мамырынан 2015 жылдың 11 мамыры аралығы
	Көп жылдық шөптер (жоңышқа, түйе жоңышқа, эспарцет, ешкібұршақ, арпабас, еркекшөп) II мерзім	2015 жылдың 02 шілдесіне дейін	2015 жылдың 02 шілдесінен 2015 жылдың 15 шілдесі аралығы
	Қыстық қарабидай (көк жемшөпке)	2015 жылдың 10 тамызына дейін	2015 жылдың 10 тамызынан 2015 жылдың 15 тамызы аралығы

Мемлекеттік қызметтер туралы

Мемлекеттік қызметтер тізіліміне енгізілген өзгертулерге сәйкес, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Солтүстік Қазақстан филиалы келесі мемлекеттік қызметтер түрлерін көрсетеді:

- Уәкілетті ұйымдарға шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру;
 - Валюталық операцияларды тіркеу;
 - Валюталық операциялар немесе шетел банкінде банктік шот ашу туралы хабарламаларды растау;
 - Микроқаржылық ұйымдарды есептік тіркеу.
- Рұқсат беру жүйесі мәселелері жөніндегі заңнамалық актілерге енгізілген өзгертулермен «Айырбастау пунктін тіркеу және қайта тіркеу» бойынша мемлекеттік қызметі алынып тасталған болатын. Уәкілетті банктер үшін айырбастау пункттерін тіркеу процедурасы хабарлау тәртібіне ауыстырылды, жеке айырбастау пункттері үшін әрбір айырбастау пунктіне лицензияға қосымша беріледі.

Әрбір қызмет бойынша мемлекеттік қызметтер Стандарттары мен Регламенттері бекітіледі, олар қызмет көрсетушілердің қызмет ету тәртібін, мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қойылатын талаптарды, мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипатын және нәтижесін белгілейді. Мемлекеттік қызметтерді ЭЦП барлығы жағдайында портал арқылы электронды түрде, сондай-ақ қағаз тасымалдағыштағы құжаттарды ұсына отырып қызметті көрсетуге өтінішпен жеке хабарласқан жағдайда алуға болады.

Қызметтің түріне байланысты ақылы немесе ақысыз түрде 10-нан 30 күнге дейінгі мерзімде түскі үзілісі бар 9.00-ден 18.00-ге дейінгі жұмыс уақытында, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, қызмет көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет кезек күтусіз, алдын ала жазылусыз көрсетіледі.

Мәселен, «Уәкілетті ұйымдарға шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті көрсетуге арналған лицензиялар беру» қызметін алу ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жөкелеген түрлерімен айналысу үшін бюджетке 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде лицензиялық алым төленеді.

Бұл мемлекеттік қызмет электронды түрде одан әрі электронды құжат берумен көрсетіледі.

Мәлімет ретінде, 2014 жылы Ұлттық Банктің филиалы 71 қызмет көрсеткенін, оның ішінде 20 қызмет уәкілетті ұйымдарға шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті жүргізуге арналған лицензиялар беру түрінде, 17 қызмет айырбастау пункттерін тіркеу және қайта тіркеу бойынша, 32 қызмет валюталық операцияларды тіркеу бойынша, 2 қызмет валюталық операциялар және шетел банкіндегі шот туралы хабарламаларды растау болғандығын хабарлаймыз.

Нақты және қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар: 46-50-34; 46-20-14;46-12-70 бойынша немесе Ұлттық Банктің мына сайтына: **www.nationalbank.kz** хабарласуға болады.

Т.А. РОМАНОВА.

Қоғамдық қауіпсіздік

«Жасөспірім» жедел алдын алу шарасы

2015 жылдың 13 наурыздағы ҚР ИІМ №17 бейнеселекторы кеңесі шешімінің 1.1 тармағын орындау мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы аумағында 1 сәуір мен 10 сәуір аралығында «Жасөспірім» жедел алдын алу, суық қару, қару-жарақтар және оларды сақтауға, тыйым салынған заттарды алып жүру, қорқытып алу фактілерін анықтауға бағытталған жедел іздестіру шаралары өтуде.

Шараның мақсаты – суық қару, қару-жарақтар және оларды сақтауға, тыйым салынған заттарды алып жүру, көмелеттік жасқа толмағандарды түнгі уақытта заңды өкілдеріңізс жүруін, темекі және алкоголь өнімдерін көмелеттік жасқа толмағандарға сату, әлімжеттік фактілерін анықтау, жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу және ескерту болып табылады.

Наталья БАЙМАҒАМБЕТОВА,
аудандық ІІБ көмелетке толмағандар ісі тобының инспекторы, полиция майоры.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Имантау ауылдық округінің тұрғындары!

2015 жылғы 17 сәуірде ХҚКО (Халыққа қызмет көрсету орталығының) мобильді тобы сіздің елді мекенге сапармен барды. Мобильді топтың құрамында «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» РМҚК маманы бар. Мобильді топ «Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы №217 қаулысына сәйкес азаматтарды қабылдау және төмендегі қызметтер бойынша түсініктеме беруді жүзеге асырады:

«Уәкілетті ұйымнан зейнетақы төлемдерін тағайындау»;

«Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау»;

«Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау»;

«Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар тағайындау»;

«Еңбек ету қабілетінен айырылу; асыраушысынан айырылу; жұмысынан айырылу; жұктілігіне және босануына байланысты табысынан айырылу; жаңа туған баланы асырап алуға байланысты табысынан айырылу; бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу әлеуметтік төуекелдер жағдайларына әлеуметтік төлемдер тағайындау»;

«Бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды тағайындау»;

«Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау»;

«Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау »;

«Жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау».

Барлық сұрақтар бойынша 8(71533) 79-930 телефоны арқылы түсініктеме алуға болады.

Сенім телефоны: 8(7152) 55-10-00 «ЗТМО» РМҚК Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 13 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Апта. Кз» 11:05 «Айтуға оңай...» 11:45 «Жедел жәрдем» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 12:55 «Дауа» 13:25 «Білгірлер бәйгесі» 14:15 «Ақсауыт» 14:50 «Джунгли кітабы» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Менің Қазақстаным» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Айналайын» 18:50 «ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ» 19:35 «Жедел жәрдем» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:55 «СЫРҒАЛЫМ» Т/х 22:45 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:55 «КЕЛІН» Т/х 23:45 «СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 0:20 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:50 ФУТБОЛ АҒЫЛШЫН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫ 32 тур «ЛИВЕР-ПУЛЬ» - «НЬЮКАСЛ ЮНАЙТЕД» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 «Жеті күн» 11:00 «Әр үйдің сыры басқа» 11:35 «Подари детям жизнь» 11:40 «Магия кухни» 12:15 М/с «Маша и медведь» 12:25 М/с «Мишки Гамми» 12:50 М/с «Белка и стрелка» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «Улыбка пересмешника» 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 15:55 «Өмір сабақтары» 16:25 Т/с «Пөләншеевтер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Қызық times» 18:00 Новости 18:15 «Қызық times» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Новости 21:30 Т/с «Слово офицера» 22:00 Т/с «А у нас во дворе» 22:50 «Жекпе-жек» 23:35 «Бұйымтай» 00:20 «Әр үйдің сыры басқа» 00:55 «Айтұмар» 01:45 «Арнайы хабар» 02:15 «Бюро расследований» 02:45 «Арнайы хабар»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ» 12:00 «ЭН ДАРИЯ» 12:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 13:00 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «П@УТИНА» 14:30 Т/с «ГОНЧИЕ-5» 14:50 «112» 15:00 «ГОНЧИЕ-5» 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 Т/с «ВСЕ СОКРОВИЩА МИРА» 18:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 20:00 «НОВОСТИ В 20:00» 20:40 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 23:20 «П@УТИНА» 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Дневник 23:55 Т/с «ОДНАЖДЫ В РОСТОВЕ» 1:40 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 2:05 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:50 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 3:35 «Контрольная закупка»

СЕЙСЕНБІ, 14 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Сырғалым» Т/х 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Жедел жәрдем» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 12:55 «SPORT.KZ» 13:15 «Алаң» ы 14:05 «Сыр-сұхбат» 14:35 «Желмен жарысқандар» М/ф 14:55 «Джунгли кітабы» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Келбет» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Айналайын» 19:10 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 19:35 «Жедел жәрдем» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:55 «СЫРҒАЛЫМ» Т/х 22:45 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:55 «КЕЛІН» Т/х 23:45 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:15 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:50 «Өзекарды» 1:10 «Сыр-сұхбат» 1:40 «Шарайна» 2:05 «Келбет» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 М/с «Маша и медведь» 10:25 М/с «Мишки Гамми» 10:50 М/с «Белка и стрелка» 10:55 «Подари детям жизнь» 11:00 Новости 11:15 «Әр үйдің сыры басқа» 11:45 «Магия кухни» 12:20 Т/с «Слово офицера» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «Улыбка пересмешника» 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 15:55 «Өмір сабақтары» 16:30 Т/с «Пөләншеевтер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Экономклас» 18:00 Новости 18:15 Т/с «Сұлтан Сүлейман» 19:05 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 21:00 Новости 21:30 Т/с «Слово офицера» 22:00 Т/с «А у нас во дворе» 22:50 «Арнайы хабар» 23:20 «Бұйымтай» 00:05 «Әр үйдің сыры басқа» 00:40 «Айтұмар» 01:30 «Арнайы хабар» 02:00 «Бюро расследований» 02:30 «Арнайы хабар»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 13:00 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «П@УТИНА» 14:30 Т/с «ГОНЧИЕ-5» 14:50 «112» 15:00 «ГОНЧИЕ-5» 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 Т/с «ВСЕ СОКРОВИЩА МИРА» 18:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 20:00 «НОВОСТИ В 20:00» 20:40 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 23:20 «П@УТИНА» 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Дневник 23:55 Т/с «ОДНАЖДЫ В РОСТОВЕ» 1:40 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 2:05 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:50 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 3:35 «Контрольная закупка»

СӘРСЕНБІ, 15 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Сырғалым» Т/х 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Жедел жәрдем» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 12:55 «Заң және біз» 13:35 «Қылмыс пен жаза» 14:00 «Поэзия өлемі» 14:30 «Желмен жарысқандар» М/ф 14:55 «Джунгли кітабы» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «КЕЛІН» Т/х 17:00 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 17:30

ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Айналайын» 19:10 «ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТТЕУ» 19:35 «Жедел жәрдем» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:55 «СЫРҒАЛЫМ» Т/х 22:45 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:55 «КЕЛІН» Т/х 23:45 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:20 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:50 «Өзекарды» 1:10 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 1:40 «Ас болсын!» 2:25 «Поэзия өлемі» 2:50 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:20 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 М/с «Маша и медведь» 10:25 М/с «Мишки Гамми» 10:50 М/с «Белка и стрелка» 10:55 «Подари детям жизнь» 11:00 Новости 11:15 «Әр үйдің сыры басқа» 11:45 «Магия кухни» 12:20 Т/с «Слово офицера» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «Улыбка пересмешника» 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 15:55 «Өмір сабақтары» 16:25 Т/с «Пөләншеевтер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «100 Бизнес-историй» 18:00 Новости 18:15 Т/с «Сұлтан Сүлейман» 19:10 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Мен көрген соғыс» 20:45 «Табигат тартуы» 21:00 Новости 21:30 Т/с «Слово офицера» 22:00 Т/с «А у нас во дворе» 22:50 «Біздің үй» 23:40 «Бұйымтай» 00:25 «Әр үйдің сыры басқа» 01:00 «Айтұмар» 01:50 «Арнайы хабар» 02:20 «Бюро расследований»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 13:00 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «П@УТИНА» 14:30 Т/с «ГОНЧИЕ-5» 14:50 «112» 15:00 «ГОНЧИЕ-5» 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 Т/с «ВСЕ СОКРОВИЩА МИРА» 18:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 20:00 «НОВОСТИ В 20:00» 20:40 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 23:20 «П@УТИНА» 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Дневник 23:55 Т/с «ОДНАЖДЫ В РОСТОВЕ» 1:40 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 2:05 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:50 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 3:35 «Контрольная закупка»

БЕЙСЕНБІ, 16 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Сырғалым» Т/х 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Жедел жәрдем» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 12:55 «Агробизнес» 13:20 «Журналистик зерттеу» 13:40 «Сіз не дейсіз?» 14:10 «Жан жылуы» 14:35 «Желмен жарысқандар» М/ф 14:55 «Джунгли кітабы» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Қазақ даласының құпиялары» Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Айналайын» 19:10 «ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС» 19:35 «Жедел жәрдем» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:55 «СЫРҒАЛЫМ» Т/х 22:45 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:55 «КЕЛІН» Т/х 23:45 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:20 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:50 «Өзекарды» 1:10 «Қылмыс пен жаза» 1:30 «Қазақ даласының құпиялары» Д/ф 2:00 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 М/с «Маша и медведь» 10:25 М/с «Мишки Гамми» 10:50 М/с «Белка и стрелка» 10:55 «Подари детям жизнь» 11:00 Новости 11:15 «Әр үйдің сыры басқа» 11:45 «Магия кухни» 12:20 Т/с «Слово офицера» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «Улыбка пересмешника» 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 15:55 «Өмір сабақтары» 16:25 Т/с «Пөләншеевтер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Бизнес сыры» 18:00 Новости 18:15 Т/с «Сұлтан Сүлейман» 19:05 «Жекпе-жек» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Моя история войны» 20:45 «Жерұйық» 21:00 Новости 21:30 Т/с «Слово офицера» 22:00 Т/с «А у нас во дворе» 22:50 «Біздің үй» 23:40 «Бұйымтай» 00:25 «Әр үйдің сыры басқа» 01:00 «Айтұмар» 01:50 «Арнайы хабар» 02:20 «Бюро расследований» 02:50 «Арнайы хабар»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 13:00 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «П@УТИНА» 14:30 Т/с «ГОНЧИЕ-5» 14:50 «112» 15:00 «ГОНЧИЕ-5» 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 Т/с «ВСЕ СОКРОВИЩА МИРА» 18:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 20:00 «НОВОСТИ В 20:00» 20:40 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 23:20 «П@УТИНА» 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Дневник 23:55 Т/с «ОДНАЖДЫ В РОСТОВЕ» 1:40 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 2:05 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:50 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 3:35 «Контрольная закупка»

ЖҰМА, 17 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Сырғалым» Т/х 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Жедел жәрдем» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:40 «ИМАН АЙНА-СЫ» 13:05 «Индустриаландыру: Ұлттық өндіріс» 13:25 «Көкпар» Ұлттық ойын 14:10 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 14:25 «Желмен жарысқандар» М/ф 14:45 «Баламен бетпе-бет» 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:05 «ЖАН ЖЫЛУЫ» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Ғасырлар үні» 18:40 «Жайдарман» 19:00 «МЕНІҢ

ҚАЗАҚСТАНЫМ» 19:35 «Жедел жәрдем» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:55 Кино «Жерұйық» 23:50 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:20 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:55 «Өзекарды» 1:15 «Иман айнасы» 1:40 «Ғасырлар үні» 2:10 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 2:45 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Айтұмар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 М/с «Маша и медведь» 10:25 М/с «Мишки Гамми» 10:50 М/с «Белка и стрелка» 10:55 «Подари детям жизнь» 11:00 Новости 11:15 «Әр үйдің сыры басқа» 11:45 «Магия кухни» 12:20 Т/с «Слово офицера» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «Улыбка пересмешника» 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 15:55 «Өмір сабақтары» 16:25 «Ұлт саулғысы, бауырым?» 18:00 Новости 18:15 Т/с «Сұлтан Сүлейман» 19:05 «Орталық Хабар» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Сильные духом» 21:00 Новости 21:30 «Жеті ән» 23:00 Кино «Поезд на Юму» 01:10 Кино «Бәрі Мәриге ғашық» 03:05 «Арнайы хабар»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «П@УТИНА» 14:30 Т/с «ПАУТИНА-5» 14:50 «112» 15:00 «ПАУТИНА-5» 16:40 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН 17:50 Т/с «ВСЕ СОКРОВИЩА МИРА» 18:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «НОВОСТИ В 20:00» 20:40 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 23:20 «П@УТИНА» 23:45 Кино «КАМЕНЬ» 1:25 «ЧЕЛОВЕК И ЗАКОН» 2:20 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 2:45 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:30 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 4:15 «Контрольная закупка»

СЕНБІ, 18 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:10 «Қымызхана» 8:40 «АГРОБИЗНЕС» 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ» 10:05 «ДАУА» 10:40 «Ас болсын!» 11:25 «Әзіл өлемі» 13:00 «ПОЭЗИЯ ӨЛЕМІ» 13:30 «БІЛГІРЛЕР БӘЙГЕСІ» 14:15 «Сұңқар» Т/х 16:20 Кино «Махаббат туралы аңыз» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «Махаббат туралы аңыз» 19:20 «Менгілік» 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:00 «СЕНБІЛІК КЕЗДЕСУ» 22:35 «ЖАЙДАРМАН» 0:10 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:45 Кино «Жүлдегер» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Ду-думан» 08:30 «Мир в картинках» 08:55 «Бармысың, бауырым?» 09:40 «Продволпрос» 10:00 «Спорт без границ» 10:25 «Тур де Хабар» 10:55 М/ф «Принцесса Лилифи» 12:10 Кино «Джордж из Джунглей-2» 13:40 «Орталық Хабар» 14:35 «Жеті ән» 16:20 Кино «Сумерки» 18:30 «Код мира и согласия» Д/ф 19:00 «Құстар қайтып барады» Д/ф 19:45 «Бенефис-шоу» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Кино «Последний легион» 23:50 Кино «Ешкімге тіс жарма» 02:00 «Үндіс» Т/х

ЕВРАЗИЯ

6:00 Т/с «БЕРКЛІК-СКВЕР» 7:40 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 8:00 «ТАҒЫ ПОШТА» 8:30 «П@УТИНА» 8:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 9:00 Новости 9:10 «СМАК» 9:45 Кино «МАМА, Я ЖЕНЮСЬ» 11:40 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:05 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 13:00 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 13:30 «101 КЕҢЕС» 14:00 «П@УТИНА» 14:50 «КТО ХОЧЕТ СТАТЬ МИЛЛИОНЕРОМ?» 15:50 Кино «МУЖ НА ЧАС» 20:00 «НОВОСТИ В СУББОТУ» 20:30 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Второй сезон 21:30 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 22:50 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 23:10 «ТІЛШІ ТҮЙІН» 23:35 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 23:55 Кино «ОТДЕЛЬНОЕ ПОРУЧЕНИЕ» 1:50 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 2:35 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 3:00 «101 КЕҢЕС» 3:20 «БЕРКЛІК-СКВЕР»

ЖЕКСЕНБІ, 19 СӘУІР ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:30 «Қымызхана» 9:00 «БҮГІН ЖЕКСЕНБІ» 10:30 «БАЛАМЕН БЕТПЕ-БЕТ» 10:50 «КАПИТАН ҚОҢИҚАЗ» М/ф 11:20 «АҚСАУЫТ» 11:50 «Шарайна» 12:20 «Ұлттық шоу» 13:40 «ЖАРҚЫН БЕЙНЕ» 14:15 «Сұңқар» Т/х 16:20 «Жібек сезім» 18:30 «Әзіл өлемі» 20:00 «АПТА.КЗ» 21:05 Нұрғиса Тілендиев атындағы «ӨЗ ЕЛІМ» IV музыкалық фестивалінің Гала-концерті 22:55 «АЛАҢ» 23:45 Кино «Желмен жарысқан жүйрік» 1:10 «КӨКПАР» 1:50 «АПТА.КЗ»

ХАБАР

07:02 «Ду-думан» 08:30 «Айбын» 09:00 «Жеті күн» 10:00 «Ас арқау» 10:20 «Спорт өлемі» 10:50 Кино «Небесный тихоход» 12:15 М/ф «Принцесса Лилифи и маленький единорог» 13:30 М/ф: «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Ақ қаз» 13:45 «Бенефис-шоу» 15:00 «Бұйымтай» 15:40 «Өмір сабақтары» 16:10 Кино «Ирония любви» 17:50 «Әсем өуен» Концерт 18:30 Концерт группы «Орда» 19:50 «Қызық times» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Кино «Курьер» 23:35 Всемирная серия бокса «Кондоры Аргентины» - «Астана Арланс» 01:35 Кино «Доктор Парнастың қиялы»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 6:20 «ТІЛШІ ТҮЙІН» 6:45 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 7:00 Т/с «БЕРКЛІК-СКВЕР» 8:35 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ» 9:00 Новости 9:10 «ЗДОРОВЬЕ» 10:10 «КАЗІПОТО» 10:45 Шоу «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Второй сезон 11:55 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 13:05 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 13:40 «101 КЕҢЕС» 14:05 «ЭН ДАРИЯ» 15:00 «УГАДАЙ МЕЛОДИЮ» 15:45 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР. КАЗАХСТАН» 16:55 Кино «МОИ БЛИЗКИЙ ВРАГ» 21:00 «АНАЛИТИКА» 22:00 «П@УТИНА» 23:05 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ» 2:10 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 2:35 «101 КЕҢЕС»

Денсаулық

Скринингтік тексерілуден өтіңіздер

Негізінде көп адамдар бұл сөзді естімеген, ал кейбіреулері мүлдем хабарлары жоқ! Осы адамдардың көбіне организмді скринингтік зерттеулер өткен жағдайда қауіпті аурулардың алдын-алар еді. Ертеден белгілі болғандай мәселені ертерек анықтаған жағдайда оның оң нәтижемен жоюға мүмкіндігі болады. Оны емдеу бойынша белсенді және тиімді шаралар қабылдау және патологияның дами бастағанын «анықтау» аурудың басқа немесе осы қауіп факторларына кіретін адамдардың организмін толық зерттеуді жүйелі өту қажет.

Скрининг термині «screening» - електен өткізу атты ағылшын сөзінен пайда болған. Бірақ оның «қорғау» және «жағымсыз бір нәрседен қорғау» атты басқа да мағыналары бар. Нақ осы түсініктемесі «скринингтік зерттеулер» атты медициналық терминнің туындауына негіз болған.

Екіншіше орай, аурулардың көбі техникалар мен өндірісті дамыту кезінде пайда болатын «жасару» тенденциясы әлсізденбей, керісінше үдей түсуде. Көбіне жастар арасында дұрыс және пайдалы тамақтанбау, демалыс және жұмыс тәртібінің бұзылуы, зиянды экологиялық жағдайдың нәтижелері ғана болып табылмайды, онкологиялық аурулары жалпы қабылданған өлшемдермен анықталады. Тек қана онкологиялық аурулар «жасарған» жоқ! Өкпе, бүйрек және жүрек-тамырларының жүйесі т.б. аурулар «жасару» болды. Ешқайсымыз біздің организмімізде зор аурулардың тамыр жаймағанына кепілдік жоқ, сондықтан жи

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	9/04 БС	10/04 ЖМ	11/04 СН	12/04 ЖК	13/04 ДС	14/04 СС	15/04 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+6 -3	+11 +6	+9 +1	+9 +2	+8 0	+11 +1	+13 0
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		738	728	735	728	740	737	731
Желдің бағыты		О	О	О-Б	О-Б	С-Б	С-Б	Ш
Желдің шапшаңдығы		3	5	4	7	6	5	4

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Білім беру

«Достық» кәсіби қауымдастығы

Әлем мемлекеттері тәжірибелеріне өзгерісті әлеуметтік-экономиканың дамуы үшін енгізеді. Елдің дамуы азаматтардың сауаттылығына байланысты. Тек білімді, білікті, өз ісінің хас шебері ғана елін алға жетелей алады. Уақыт жылжыған сайын заман талабы да өзгеріп отырады. Сол көштен қалмай біз де өзгеріп отыруымыз керек. Әлем жылдам өзгеру кезеңінде білім жүйесін қайта қарау екендігін дәлелдеп отыр. Біздің елімізде де білім беру ұйымдары үшін де, мұғалім үшін де «Мұғалімдер оқушыларды ХХІ ғасырға қалай дайындау керек?» деген сұрағы тұрды. Алайда тамыры тереңге кеткен дәстүрлі оқытумен шектеліп қалғанымызды осы бірінші бетте-бет кезеңінде түсіне бастадық. Қазіргі кезде сындарлы оқытудың мәнісін түсініп, сан-алуан сұрақтар толғандырады. Оқушыларымызға сабақты дайын күйінде бермей, өзіңіңнен ізденіс арқасында, қарым-қатынас, ынтымақтастық-бірлік арқасында қабылдауға көмектесіп, өзіміз тек бағыттаушы рөлін ұстансақ, алдымыздағы шәкірттеріміз алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана алатындығына күмәніміз болмас еді.

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының Бірінші деңгей бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі- мұғалімдердің желілік қоғамдастықты және мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын ұйымдастыру мен басқаруға дайын болу-ын қамтамасыз ету. «Бетпе-бет» аудиториялық кезеңінен кейін өз мектебімізге «Мектептегі тәжірибе» кезеңіне келгенде алдымызға әріптестерімізбен желілік қоғамдастық құрып, бір-бірімізге қолдау жасап, идеяларымызбен бөлісуге мақсат қойдық. Бойымыздағы оң өзгерістерді, алған білімімізді ұжымымызға, оқушыларымызға, оқыту әдістерімізге ықпалдастыруды көздедік. Саумалкөл қазақ орта мектебі, Рудный орта мектебі және Ғабит Мүсірепов ауданындағы Калинов орта мектебінің ұстаздарын біріктіріп, тәжірибе алмасу мақсатында «Достық» кәсіби желілік қауымдастығын құрып, жұмысымызды бастап кеттік. Жоспарға сай ең алдымен онлайн режимінде байланысқа шығып, өз жұмыс жоспарларымызды таныстырдық. Өзара тәжірибе алмасу мақсатында Рудный орта мектебінің мұғалімі Қожахметова Айжан Көкімқызының өз ұжымымен өткізген «Проблемалық сұрақтарды назарда ұстау» тақырыбындағы коучингісіне қатыстық. Сондай-ақ Саумалкөл қазақ орта мектебінің ұстаздары Жақыпова Сәуле Жақсылыққызы мен Сұлтанғалиева Гүлжанат

Талғатқызының ұйымдастырып өткізген «Оқушыларға зияткерлік тапсырма беру, көшбасшылыққа ұмтылуға қаншалықты ықпалы бар?» және «Сіз өз сабақтарыңызға дұрыс мақсат қоя білесіз бе?» тақырыптарында шеберлік сыныбы мен семинарларының куәсі болдық. Сәуле Жақсылыққызы мен Гүлжанат Талғатқызы екеуі де екінші деңгей оқып бітірген ұстаздарды тәлім алушы ретінде алып, тәлімгер ретінде өткізген іс-шараларында әдіс-тәсілдерді нақты, шынайы, қызықты тандай білді. Семинар соңында «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілін қолдана отырып, мұғалімдермен кері байланыс жүргізді. Әріптестері өз тарапынан бұл ұстаздарға алдағы уақытта еңбек жолында жақсы ұсыныстар айтты.

Желілік қауымдастығымызды кеңейту үшін біз жұмысымызды одан әрі Ғабит Мүсірепов ауданындағы Калинов орта мектебінде жалғастырдық. Бұл мектепте әріптесіміз Төлебаева Ғалия Серікжанқызы «Нақты сұрақ қою арқылы оқушыларды өз ойларын дәлелдеуге, өңімелей білуге қалай ықпал етуге болады?» атты коучинг тәсілімен ұйымдастырылған мұғалімдер арасында тренинг өткізді. Мектеп мұғалімдері белсенді қатысып, өз ойларымен бөлісті. Біз өз тарапымыздан тренингтің соңында кері байланыс беріп, нәні жетілдіру керек екенін қалай жұмысты жалғастыруы туралы ұсыныс жасап кеттік. Осылайша үш мектеп аясында әріптестермен «ДОСТЫҚ» желілік қауымдастығымыз жұмысын жасап жатыр. Жоспар бойынша алдағы уақытта Айыртау ауданы мен Ғабит Мүсірепов аудандары арасында желілік қауымдастықты әрі қарай жетілдіре, нығайта түсеміз деген ойдамыз.

Жаңа ғасырдың жаңашыл ұстаздары өз мамандығын жанымен сүйетін, білікті де білімді жандар. Алды-на қойған мақсаты айқын өз ісіне сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен қарайтын ұстаздардың бойында байқағыштық, төзімділік, өз ісіне, балаға деген ерекше ілтипат пен сенімділік тегіліп тұрады. Ендеше ірге тасы мықты, бәсекеге қабілетті маңдай алды дамыған елдердің қатарынан көріне білсек нұр үстіне нұр болар еді.

«ДОСТЫҚ» кәсіби қауымдастығының көшбасшылары:
Сәуле ЖАҚЫПОВА, Гүлжанат СҰЛТАНҒАЛИЕВА, Саумалкөл қазақ ОМ, Айжан ҚОЖАХМЕТОВА, Рудный ОМ, Ғалия ТӨЛЕБАЕВА, Калинов ОМ.

Байқау

Кілттің де ең қымбаттысы

Әрбір жаңа оқу жылының 8-сыныптағы орыс әдебиетінің алғашқы сабақтарын ұлы Абайдың 25-қара сөзін талдаудан бастап келеміз. 1894-жылы жазылған осы бір насихат сөздің мән-мағынасы өте терең, ұлтымыздың санасына оянуына түрткі болып, қамшылап отырады. Мына үзіндіге көңіл қойып көрейікші: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзынарақ түседі... Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барынды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет!» Ақынның нені меңзеп, не айтпағын беріміз де дұрыс ұғып келдік. Әрине, бұл – өз тілінді жиып қойып, басқаны әспетте деген сөз емес, жалпы алғанда өнер-білім алуда тиімді жолды пайдалана біл керектігі жарат дегені. Ана тілдің құдіретін сезініп, қасиетін бағалай отырып, өзгенікін де жете үйрену – өнердің өнері деуге болады. Сол себепті бөгде тілді тек қана өз тіліміз арқылы түсінуге болатындығын ұмытуға болмайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың үштілділік саясатының кең түрде іске асып жатқанының айғағы – ХХІ ғасыр қазағының өкілі бүгінде тек орыс тілімен ғана шектелмей, ағылшын тілін терең үйреніп, іс-тәжірибесінде қолданысқа еркін енгізіп отыр. Бұл – өте қуанатын жай. Барлық істің басшысы – білім мен ілім десек, соның бәрін игеру үшін үш тілдің атқарар қызметі орасан зор. «Тілдің арқасында біреуді біреу танып, бір халық көрші екінші бір халықты біліседі» деген авар

халқының перзенті Расул Ғамзатов ақынның сөзінің жаны бар. Көршілес орыс халқының ғана тілі арқылы Тәуелсіз Қазақстанымызды мекендеп отырған жүзден астам басқа ұлт өкілдерімен бір туғандай араласып, бейбіт те бақытты өмір сүрудеміз. Әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін көріп, өнерлерін бойымызға сіңіріп келеміз.

Осы бағытта Айыртау аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастырған «Ой-сана» интеллектуалдық байқауы – жоғарыда айтып кеткендей, аудан көлемінде Тұңғыш Президентіміздің тіл туралы саясатының дұрыс жолға қойылғандығының айғағы болып отыр. Мәдениет үйінің кітапханасында өткен бұл сайыстың мақсаты – тілдің барлық білімнің кілті екендігін дәлелдей білу, оған көзімізді жеткізу. Сайыс барысында Саумалкөл қазақ орта мектебінің 9-сынып оқушылары Жүсіпова Дарина, Төшенова Жанар мен 10-сынып оқушылары Зәтелова Әлия, Сағатова Аида және Антоновка орта мектебінің 10-сынып оқушысы Сейтахметова Әнел білімдерінің жан-жақтылығын әр қырынан көрсете білді. «Ой-сананың» өтуіне ұйытқы болып, атсалысқан Мәдениет үйінің қызметкері Құсайынова Динара Сүлейменқызы, сайыстың жүргізушісі, Біржан сал атындағы музыка колледжінің студенті Бектенов Жасұлан Маратұлы терең білімділікті талап ететін осы сайысты қызғылықты өткізуде шеберлік таныта білді. Аида мен Әлия тестік тапсырмаларды жоғары деңгейде орындаса, Дарина мен Жанар Елбасы туралы эссе жазуда өз шеберліктерін көрсетті. Ұй тапсырмасын орындауда да Дарина мен Жанар алдарына жан салмады.

«Әр тілдің өз ырғағы бар», – деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, орыс тілінің құпиясын бойына сіңіре білген, орыс тілін, әдебиетін жетік меңгерген, орыс халқының тылсым тынысын терең сезінген Дарина мен Жанар өздерінің шебер сөз саптауларымен әділ-қазыларды таңдандырып тастады. Осы орайда орыс тілі маманы, №1 Саумалкөл ОМ-нің мұғалімі Ирина Евгеньевна Соболева Даринаның сөйлеу мәнеріне, өзін көпшілік алдында еркін ұстауына, шешендік қабілетіне тоқталып кетті. Қазылар алқасының мүшелері «Айыртау таңы» газетінің тілшісі Ж.Қ.Сәбитов пен кітапхана меңгерушісі Б.Жалмағанбетова да осы шешімді қолдайтындарын білдіріп, өз ойларын ортаға салды. Сайыс – жарыс болғандықтан әрине, жеңімпазсыз болмайды ғой. «Ой-сананың» жеңімпазы атанған Дарина 3-сәуірде Петропавл қаласында өтетін облыстық сайысқа жолдама алды. Аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Г.Өтеулина Дарина, Аида, Әлия, Жанар мен Әнелді жеңістерімен құттықтап, арнайы сыйлықтар, дипломдармен марапаттады. Болашақта биік белестерден көріне беріңдер деп тілек білдірді.

«Тіл – барлық білімдер кілті», – деген міне, осы екен.

Р.С. Осы бет қатталып жатқанда Петропавл қаласынан сүйінші хабар да келіп жетті. Облыстық сайыста аудан намысын лайықты қорғап, білімділігі мен шеберлігін таныта білген Жүсіпова Дарина жүлделі екінші орынға ие болды. Жеңісің құтты болсын!

Зүбайраш СЕЙТҚАСЫМ, Саумалкөл қазақ ОМ-нің мұғалімі.

20 ізгі іс

Ардагерге құрмет көрсетілді



Ауданымыздың жастар бастамасы орталығының директоры, Рудный мектебінің түлегі Әсет Қожахметовтың бастамасымен «20 ізгі іс» акциясының аясында вожатыйлар Ж. Базарбаев пен С. Куковьякинаның жетекшілік етуімен Рудный орта мектебінің «Жас ұландары» Новоукраинка ауылының тұрғыны, еңбек ардагері, неміс фашизмінің тұтқыны болған Надежда Павловна Шкодамен кездесу өткізді.

Балалар Надежда Павловнаны үстіміздегі жылдың мерейтойлық даталарымен құттықтай отырып, әңгімеге тартты. Қарт ардагер де өз тарапынан балаларға көрсетіп отырған қамқорлықтары үшін алғысын айтып, қиын да қызғылықты өмірі жайлы баяндап берді.

Надежда Павловна 1925 жылы Украинада туған. 1941 жылдың күзінде олар тұратын Артемовск қаласын неміс басқыншылары басып алады. 1942 жылы он жетіге жаңа ғана толған жап-жас Надяны жау жеңдеттері еріксіз түрде Германияға алып кетеді. Содан үш жыл бойы Эшвалер қаласындағы әйелдер лагерінде тұтқында болады. 1945 жылдың күзінде американдықтар тұтқыннан босатқаннан кейін туған еліне оралады. Келсе үйлерін немістер жойып жіберген, өкесі майданда қаза болыпты. Әулірімдеп аман қалған шешесі өзінің үлкен қызы туралы үш жыл бойы хабарсыз болған.

Надежда Павловнаның қазір 5 немересі мен 5 шөбересі бар. Ол «9-шы бесжылдықтың екпіндісі», «Ерен еңбегі үшін», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы», «Еңбек ардагері» медальдарымен наградталған.

«Жасуаландықтар» кетерлерінде Надежда Павловнаға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілей отырып, бұдан кейін де көмектесіп тұратындықтарын жеткізді.

Кенжебай МАҚЫШЕВ,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жыр-шашу

Жаны жайсаң ағаға

Сексеннің сеңгіріне шығып отырған, қадірменді ағамыз, Жұмысшы ауылының тумасы Махмет Негербековке арнаймыз.

Жасыңнан өсіп жігерлі,
Болашақ жаққа асықтың.
Игі ісіңді елің біледі,
Тілегіңді Сіздің тіледі.
Қызылсаяда оқыдың,
Ақын Сарбас Ақтаевпен.
Кезің бұл аға көркейткен,
Дарыныңды шыңға өрлеткен.
Сырлас болдың Еркешпен,
Аясында Көкшенің.
Керіндіңіз биіктен,
Отын жағып өлеңнің.
Текті ұлы боп ауылдың,
Дарыныңды шыңдадың.
Қатарыңнан қалмадың,
Жасыңдай жайнап ту алдың.
Ізіліктен ой өріп,
Ағалардан өстің жол көріп.
Бастаған ісінді бағалы,
Қуанды көріп ел біліп.
Салауатты өріп өмірді,
Өсірдің ұл-қыз мәпелеп.
Мұқалмай есте жігері,

Өрілсін нұрлы ертеңі.
Қырдағы шағын ауылдан,
Батыр боп шықтың екі ағаң.
Жастарға терең ой салған,
Ел ағасы болды Қойшы ағаң.
Құтты болсын сексен жасың,
Абыз қарты ауылымың.
Алау жағып дарыныңыз,
Кемімесін қуатыңыз.
Ұзақ ғұмыр жасай бер,
Жаны жайсаң жақсы аға.
Игі ісіңе төккен тер,
Дана халқым берсін баға.
Ардақ, Бота, Гауһарыңыз,
Өсірген мәпелеп ұл-қызыңыз.
Жайнатқан алтын ордаңды,
Жанар да текті баланың.
Алады өнеге талай жас,
Сіздей жақсы ағадан.
Естіріп самал Айыртаудан,
Мың қуаныш тоссын алдан.
Тайлақ ЖАЛМҰРЗЕНОВ,
ауданның Құрметті азаматы.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Айыртау аудандық Мәдениет үйінің шатырын құрделі жөндеу» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» бас жобасы «Солтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік экология сараптамасына келіп түскенін хабарлайды.
Анықтама телефоны: 8(7152) 53-36-37.

* * *

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сарыөзек ауылының бұрынғы тұрғындарына Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына 2015 жылдың 9 мамырында ас берілетінін хабарлайды.

Барлық ұйымдастыру мәселелері бойынша Саумалкөл ауылында тұратын Өтеулин Еркетайға **8(715-33) 52-052** телефоны арқылы хабарласуға болады.

Ақсақалдар алқасы.

* * *

Аудандық кітапхананың «Шаңырақ» клубы жанынан іс тігуді үйренушілерге арналған «Шебер қолдар» үйірмесі жұмысын бастады. Үйірмеге мүшелік тегін. Жұмыс уақыты әр сәрсенбі күні сағат 15.00-де.

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.	Директор, баспаның бас редакторы Ирина БУРКОВСКАЯ Редактор Бағлан ҚОЖАҚОВ Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru	Тілші Жанат СӘБИТОВ Теруші Барқыт КӨКЕНОВА Басушы-теруші Елена НЕСВЕТЕЕВА Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.	Индексі 65844. Таралымы 1120, № 342 тапсырыс Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім Министірлігінде 30.05. 2008 жылы есепке қойылған. Есепке қою № 9246-Г. Газет бейсенбі күні шығады.	Газетте жарық көрген оқырман пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, жарияланбаған материалға жауап берілмейді.
--	---	---	---	---